

*Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ
түрік университеті*



*Амбулаторлы хирургиялық қызметті
ұйымдастыру*

Қабылдаған: м.ғ.к, доцент Төлежанов Н.Қ.

Орындаған: Турсуметова Г.Осман Б.

ЖМ-319

Жоспары



- *I.Кіріспе*
- *II.Негізгі бөлім*
 - *Амбулатория жағдайындағы хирургия*
 - *Амбулаторлы хирургия бөлімінің жабдықталуы*
- *III.Қорытынды*
- *IV.Пайдаланылған әдебиеттер*



Амбулаторлы жағдайдағы хирургия

Хирургия – хирургиялық операциялар көмегімен емделетін жедел және созылмалы ауруларды оқытатын медицина саласы. Хирургиялық жолмен емдеу бірнеше ретті кезеңдерден тұрады: науқасты операцияға дайындау, жансыздандыру және хирургиялық операцияға араласу. Хирургиялық операцияға: операциялық мүмкіндік (шырышты қабат пен теріні тілу), мүшені оперативті емдеу, операция кезінде зақымдалған тіндердің бүтіндігін қалпына келтіру енеді.

- ***Амбулаторлы хирургия бөлімінің жабдықталуы***



- ***Қабылдау бөлімшесі:***
- *Науқастарды қабылдау бөлімі арқылы іске асырылады, бұл жерде науқастар бірнеше түрге бөлінеді. Науқастар ауруының түріне қарай тиісті бөлімшелерге жатқызылады.*
- ***Қабылдау бөлімі тұрады:***
 - *Тіркеу бөлімі,*
 - *Науқастарды бірінші рет қарау бөлімі,*
 - *Ванна бөлмесі,*
 - *Таза аурухана киімдерін сақтауға арналған бөлме*
 - *Науқас киімдерін сақтауға арналған бөлім.*



- ***Жалпы хирургиялық бөлім.***

- *Хирургиялық науқастарды емдеу арнаулы және барлық керекті нәрселермен жабдықталған бөлмелерде жүргізіледі.*

- *Хирургиялық бөлім науқастар жататын бөлмелерден, операция блогынан, таңу, байлау және қосымша бөлмелерден тұрады.*

Хирургиялық бөлім су құбыры, орталық жылыту, канализация желісі және ауаны сорып шығарушы аспабымен жабдықталған.





- **Травматологиялық бөлім.** Бұл жарақаттанған науқастарға ем жүргізілетін хирургиялық бөлім. Травматология бөлімінің жалпы хирургиялық бөлімнен айырмашылығы, онда рентген кабинеті, гипстеу, байлау аппараттар бөлімі, емдеу дене шынықтыру және механикалық терапия кабинеті болады.

Егер травматологиялық және жалпы хирургиялық бөлімдер қатар жалғасқан болса, операция жасалуын, рентгенология және физиотерапиялық кабинеттер екі бөлім үшін де жалпы болу керек.





Операция жасайтын бөлме. Операция жасайтын бөлме мен қосымша бөлмелерді операциялық блок деп атайды. Ол бөлек тұруы тиіс. Онда таза және іріңді операция бөлмелері болу керек. Егер операциялық бөлме біреу ғана болса, онда бірінші таза операциялар жасалады, содан соң іріңді Операциялық блоктың қабырғасында және төбесінде ешбір шығыңқы орындар болмай, олар майлы сырмен боялады, еденге керамикалық плиткалар төселеді. Қазіргі операциялық бөлмелердің қабырғасы арнаулы плиткалармен қапталған, оның ақ емес, ашық жасыл не көкшіл болғаны дұрыс, себебі ақ түсті хирургтардың көздерін тез талдырады.



- **Жабдықтау.**

- *Операциялық бөлмедегі аспаптар және жиһаздар тек жұмыс үшін керекті заттар: операциялық стол, құрал-саймандар және таңба, байлау заттарын қоятын операциялық мейіркештің столдары, хирургтың құрал-сайман столы, қан ағуын тоқтату үшін термокоагулятор, электроотсос және анестезиологиялық аппарат болуы тиіс. Оттегі баллондардың операциялық бөлмеде болмағаны жөн. Газды беру трубалар арқылы беріледі. Бөлмелердегі температура 18°C-дан 20°C-қа дейін болу керек.*



Қолданылған әдебиеттер



- 1) Қалыбай Дұрманұлы Дұрманов “Жалпы хирургия”, Алматы 2006.
- 2) Жүнісов М.С “Жалпы хирургия және анестезиология пәнінен дәрістер жинағы”
- 3) www.google.ru
- 4) www.pubmed.com
- 5) www.yandex.ru